

26 мамыр,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ:

ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

КӨШПЕЛІ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫ «ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ» МӘСЕЛЕ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАР ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫ БЕКІТІЛДІ. ОНЫҢ ҚҰРАМЫНДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ С.ЗАЙМОЛДИН, АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ Ж.ЕРЖАНОВ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ Е.ЖИЕНАЛИН, «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ С.ҚОЙБАҒАРОВ, ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ И.БЕРҒАЛИЕВ, «ЖІБЕК ЖОЛЫ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ А.МАМБЕТОВА, АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ С.АМАНҒОСОВ, АУДАНДЫҚ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНСАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ С.САРМҰХАНОВ, АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӨСІПКЕРЛІК БӨЛІМІНІҢ БАС МАМАНЫ Т.ИМАНҒАЛИЕВ БАР.



Ойыл ауданының аумағында 1145686 га жер учаскелері бар, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 751673 га, елді мекен жерлері 370067 га, мекеме, кәсіпорын, өндіріс орындарының жерлері 2864 га, орман жерлері 21082 га, ауылшаруашылығы мақсатындағы бос жерлер 143949 га.

2019 жылы 7 ауылдық округтің ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоса есептегенде 370028 га. Жаңадан 8 ауыл шаруашылығы субъектілері ашылып, 13110 га жер учаскесі табысталды және де қосымша 8 ауылшаруашылығы субъектілеріне 12975 га табысталды. Барлығы 26085 га жер учаскесі табысталды.

2020 жылы 7 ауылдық округтің ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоса есептегенде 370028 га. Жаңадан 5 ауылшаруашылығы субъектілері ашылып 5400 га жер учаскесі табысталды және де қосымша 6 ауылшаруашылығы су-

бъектілеріне 6673 га табысталды. Барлығы 12073 га жер учаскесі табысталды.

2020 жылғы 19 мамырда жұмыс тобы жайылымдарды басқару жөніндегі бекітілген жоспарларды, сонымен қатар тікелей жергілікті жерлерде іске асыру барысы мен толықтығын тексеруді жүзеге асырды. Ойыл ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарының жобасы жасақталған, кезекті мәслихат сессиясына бекітуге ұсынылады.

Жұмыс тобы Ойыл ауылдық округіне, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне, Көптоғай ауылдық округіне барып, қоғамдық кеңесінің, ардагерлер кеңесінің мүшелері және төрағаларымен, ауылдық округ өкімдерімен, мамандарымен, шаруа қожалығы төрағаларымен және осы мәселеге қатысты ауыл тұрғындарымен кездесті. Барлық округтерде халықтың қазіргі уақытта жайылым-

дармен қамтамасыз етілуінің жай-күйі, жеке тұрғындардың мал басының көбеюіне байланысты тұрғындардың малын өкімшіліктің бос жайылымдық жерлеріне шығару немесе күту, кезек ұйымдастыру мәселелері, округтегі кейбір жеке тұрғындардың мал басы 100-150 ұсақ жандық, 30-50 МІҚ болуына байланысты округке қарасты жақын орналасқан жайылымдық жерлерге мәселе туындауда.

Ш.Берсиев ауылдық округі бойынша округке жақын орналасқан 3 шаруа қожалығы анықталып, бір шаруа қожалығы жайылымдық жерді округке қайтарып берді, қалған екі шаруа қожалығы төрағаларымен жайылымдық жерді қайтарып беру бойынша түсінік жұмыстары жүргізіліп, келісілді.

С.ЗАЙМОЛДИН,
«Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

БАРШАҒА ОРТАҚ- ИГІ ІС

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨРСЕТІЛЕР НАҚТЫ КӨМЕК, ІЗГІЛІКТІҢ АНЫҚ КӨРІНІСІ, АДАМНЫҢ АСЫЛ ҚАСИЕТІ. КІСІНІҢ АЙНАЛА СЫНДАҒЫ АДАМДАРҒА ТАНЫЛАТЫН ТАМАША ҚЫРЫ ДА ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАЙЫРЫМДЫ ЕКЕНДІГІНЕН БАЙҚАЛАДЫ. «КЕҢ БОЛСАҢ – КЕМ БОЛМАЙСЫҢ». ДЕМЕК, ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕДТІҢ (С.Ф.С.): «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАҒДАР, ҚАЙЫРЫМДЫ БОЛЫҒДАР!» ДЕГЕН СӨЗІН ҰМЫТПАУЫМЫЗ КЕРЕК.

Осы ұстаныммен бастары бір арнада тоғысқан белсенді аудан жастары «РАҚЫМ» қайырымдылық қорын ашып, 11 мамырда өз жұмысын бастады. Қордың мақсаты аз қамтылған, көп балалы, жалғыз басты өке-аналарды қолдау, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға материалдық, өлеуметтік көмек көрсету және мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғам назарынан тыс қалдырмау.

Осы орайда жастар ортақ шот ашып, аудан тұрғындарын да қайырымдылық жасауға үндеу жасады.

Осы күнге дейін халықтан жиналған қаражатпен қоса жастардың демеушілігі арқасында 14 - 15 мамыр күні екі отбасыға өлеуметтік (азық-түлік, гигиеналық заттар) көмек көрсетілсе, алдыңғы аптада мүмкіндігі шектеулі қарындасымызға өлеуметтік-материалдық қолдау және бір отбасыға материалдық көмек көрсетілді. Аталған қайырымдылық шарасы алдағы уақытта аудан азаматтарының қолдауымен ары қарай жалғасын таба бермек.

Қазақ халқы ежелден жомарттылығымен танылған. Ұлтымыздың ұлы ұрпағы да ата дәстүрді жалғастырып, тұрмысы нашар отбасыларын, жетім-жесірді, талантты балаларды қорғап, қолдаса дейміз.

Аудан тұрғындарын осы игі шараға қолдау білдіріп, тамшыдай болса жақсылық жасауға шақырамыз.

Жақсылық жасап, қайырымдылықпен айналысу үшін қаражатың маңызды емес - жылы жүрек болса жеткілікті.



ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ, ҒӘМ ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

«ОЙЫЛ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ» КММ БОЙЫНША ӨРТ ҚАУПІ МЕРЗІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНА ЖӘНЕ ҚОНАҚТАРҒА МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРТЕМІЗ:



Жолыңыз түсіп орманға бара қалсаңыз от жақпауға тырысыңыз. Ал егер қандай да бір жағдайда от жағуға тура келсе барынша сақ болыңыз. Өр түрлі себеппен тұтанып жатқан отқа тап болсаңыз дереу 8-71-332-73-174 телефон нөміріне шығыңыз. Болмаса 8-778-886-9205 нөміріне қоңырау шалыңыз. Тіпті болмаса 101 немесе 112 жедел нөміріне шығыңыз. Бұл сіздің азаматтық борышыңыз!

Сонымен бірге биылғы 30 қазанға дейін өрт қаупі мерзіміне байланысты орманға рұқсатсыз кіруге

болмайды.

Орман шаруашылығы алқабынан шөп шабатын немесе басқа да жанама орман пайдалануға ниеті бар азаматтар орман шаруашылығы кеңсесінен (Ойыл ауданы, Екпетал ауылы) «орман билетін» алуға міндетті. Мемлекеттік қызмет көрсету қағаз жүзінде. Жұмыс күндері келу қажет.

Т.СЕНҒАЛИЕВ,
«Ойыл орман шаруашылығы» КММ директорының орынбасары.

Газетке жазылу - 2020

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2020 жылдың II жарты жылқысына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Занды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ЖҮРЕКТЕР ӘЛІ ЖАРАЛЫ



Ұлы Отан соғысының басталғанына маусым айының 22 жұлдызында 79 жыл толады. Бұл сұрапыл екінші дүниежүзілік төрт жылға созылған соғысқа жер жүзінен 40 мемлекеттен 110 миллион адам қатысып, оның 60 миллионы, ал Совет Одағынан 27 миллион адам қаза тапты. Соның ішінде Қазақстаннан 1 миллион 360 мың адам қатынасып, оның 600 мыңы майдан даласынан қайтып оралмаған. Ұлы Отан соғысына қатысушылармен оған қатысқан мемлекеттердің көптігі жағынан адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған апат қырғынды бастан кешірді. Бұл соғыс біздің халқымызға да аса ауыр сын болды. Ел басына күн туған, ерлер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен қатерлі жақта, ер жүрек жауынгерлер кеуделерін от пен оққа тосып, ортақ Отанымыздың бостандығын қаһармандығымен қорғады. Қажет болғанда, өмірлерін құрбан етті. Сөйтіп қаншама жас қыршыннан қиылды. Талай асқақ армандар өлім құшты. Бұл сұрапыл, қанды соғыста қайғы-қасірет көрмеген соғыс зардабын шекпеген отбасылар жоқтың қасы. Сол отбасының бірі - біздің әулеттің екі бірдей азаматы. Ең болмаса мүгедек те болып оралмады. Олар менің өкем Нұрымгерей, оның туған інісі Шабазгерей еді.

Нұрымгерей 1911 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданына қарасты «Құлшығай» елді мекенінде өмірге келген. Ол Орынбор қаласындағы екі класстық гимназияны, Қостанай педагогикалық институтын бітіріп, орыс тілінің маманы деген диплом алады. Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданының Тайсойған елді мекеніне мұғалімдік қызметке жіберіледі. Қамыстыкөл мектебі атақты Науанов Аяпберген басқарған білім ордасы. Сол мектепте 1930 жылдан 1937 жылға дейін жұмыс жасаған. 1937 жылы Аяпберген мен баласы Ғаділше «Халық жауы» деп атылғаннан Нұрымгерей ол мектептен Ақтөбе облысы, Ойыл ауданына қарасты Сарбие елді мекеніндегі Сапақкөл жеті жылдық мектебіне ауысқан. 1937 жылдан 1942 жылға дейін мектеп директорының орынбасары және орыс тілі әдебиет пәнінен дәріс берген, сол өңірдегі орыс тілінен сабақ беретін қазақтардың ішіндегі алғашқы ұстаздардың бірі болған. Кезінде Нұрымгерейге оқыған оқушысы, полковник ақын Сағи Есмұхановтың

Әр қашан беретұғын ақыл-кеңес, Ақырып – жеку оның салтында емес. Нұрымгерей оқытқан орысшамен, Нан тауып жүрміз десек артық емес - деп жырлауы бекер емес. Сол мектепте жұмыс жасап жүргенде 1939 жылы Ойыл ауданы мұғалімдері атынан Москвадағы Бүкіл Одақтық мұғалімдердің I – съезіне

делегат болып қатысып, он күндік сапармен барып қайтқан. Москваның «Красный Октябрь» фабрикасының көмпит-шоколадын базарлыққа алып келгенін менен үлкен аға, апаларын айтып отыратын. Ауыл балаларының көрмеген заты. Естерінде қалған ғой.

Өзінің «Жезде» - деген Нұрымгерей жөніндегі естелігінде, нағашы ағамыз Теңел Жұмабаев былай деп суреттейді. Қазақстанда екінші апат – 1937 жыды жазықсыз ұстаулар, айдаулар басталды. Бұл заңсыз науқан, оқығандары көп Ойылда қатты жүрді. Біздер оқып жүрген Қызылшолда (ШКМ) ұсталмаған, қызметтен қуылмаған оқытушы қалмады. 1937 жылы қаңтар айында (қысқы каникул кезінде) Шабазгерей 7 класта (Нұрымгерейдің туған інісі) мен 5 класста оқып жүргенде Сарбиеде тұратын Сапақкөл жеті жылдық мектебінің мұғалімі Нұрымгерей жездемнің үйіне бардым. Нұрымгерейді, Қайша апамды көргенде өзертандым. Екеуі де өбден жүдеген, жақтары солған, боп-боз болып кеткен. Есіктің сықырынан, терезенің қағылуынан, адамның аяқ басынан жүректері алып қашатын үрей, қорқынышқа ұшыраған. Шөй ішіп отырғанда Нұрымгерей:

Теңел. Анау бұрышта киімдерім қапта салуы тұр, қай күні келіп алып кететінін күте-күте шаршадым – деген сөздерді сыбырлап қана айтты. Нұрымгерейдің қауіптенетін орны бар еді, өкесі Орынбасар – Патша заманында ел билеуге қатынасқан. (Саралжын болысын 30 жыл басқарған. Әйелі Қайша – ірі бай тұқымынан шыққан Сібірге жер аударылған Дүзелбай байдың қызы. Ол кездерде мұндай тегі бар адам қайтып қауіптенбесін!

1941 жылы маусымның 22 жұлдызында сұрапыл, қырғын Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Нұрымгерей – «балаларымды «Халық жауының баласы атандырмай» ит неміспен соғысып өлгенім жақсы деп, сол кезде соғысқа қатыспайтын «бронь» болса да, сұранып соғысқа аттаныпты. Соғыстың аты соғыс. өмір мен өлім қол ұстасып қатар тұрғандай. Соғысқа барғаннан бастап, соңғы айқасқа дейін өскери саяси маңызы зор болған Псков облысының Велики Луки Новосольник-Пусташкино өскери аймақтарында болады. Солтүстік батыс майданы 34 армия 245 атқыштар дивизиясы деп аталатын өскери құрамның 901 атқыштар полкының қатарында соғысты. 1943 жылдың қазан айында 245 дивизиясы Пусташкин ауданына ауысып, қатты қырғын соғысқа ұласады. 10 қараша 1943 жылы Пусташкин ауданы Долосцы ауылының батыс жағында 300 метр жерде ерлікпен қаза тапқан. Кейіннен сол жерге жақын Сергейцево ауылындағы бауырластар зиратына, басқа қаза болған 6 мың жаынгерлермен қатар денеле-

рін қазып алынып жерленген. 1943 жылдың күзіне дейін хат келіп тұрды. Сонан кейін хат-хабар болмағанын анам айтып отыратын.

Әкеміз соғысқа кеткенде мен екі жастағы баламын. Жас болсам да есімде қалғаны өкемнің атқа мініп, мені алдына алып, ауылдағы үйлерді аралап шыққаны, елменен қоштасқаны болар. Әкемнің бет-бейнесі есімде жоқ. Менен басқалары естиярлау Күләш 4-те, Шамиль 6-да, Сара 8-де және де шешеміз Қайша 28 жаста екен.

Төрт жылға созылған сұрапыл соғыс уақытында талайдың жан-жүрегін жылатқан, көздің жасын бұлатқан, майдандағы ұлын күткен ата-ананың, жарын күткен жесірдің көкірегі қарыс айырған, «қара қағаз» (жауынгердің қаза болған жерін, айын, жылын көрсеткен қағаз). Сол қарғыс атқыр «қара қағаз» біздің үйге де келіпті. 1948 жылы күзі болуы керек, отбасы болып түгелдей сүзек ауруымен ауырдық. Ол кезде соғыстан кейінгі жылдар киім, тамақ жоқ. Дәрігерлер де жоқ. «Балдарымды алғанша, мені ал!» - деп құдайға жалбарынған болар, анамыз көп ауырмай дүниеден өтті. Жылап-сықтап, алдымыз 12, артымыз 8-де төрт бала біздер қалдық. Бір үзім нанға зар болған шақта, жөргектен шықпай жатып жоқшылықтың зарын тарттық. Маңдайға жазылған тағдыр осылай басталды. Әкемізден келген «қара қағазды» біздерге көрсетпейін, күдерлерін үзбесін деген ойда болар, шешемнің жүн иретін ұрышықпен бал ашып отыратынын көретінмін. Ұрышық ақ, қағаз жаққа толқыса жақсылық, қара қағаз жаққа толқыса жамандыққа көрінетін. Көбінесе ұрышық ақ жаққа толқитын. Біздер өкеміз келеді екен деп қуанып қалатынбыз. Әкемізден келген хаттарда, қара қағаздарда жоғалды. Енді өкеміздің қайда жерленгенін іздеуге кірістік. Бірде Қызылорда да тұратын Шамиль ағадан хабар келді. «Әкенің жерленген жері таптым» - деген. Қуаныш та шек жоқ. Әкеміз тіріліп келгендей күй кештік. Бұл 2011 жылдың мамыр айы еді. Ол кезде Россия басқа ел, маған шетелдік паспорт керек екен. Оны алуға бірнеше ай күту керек. Сондықтан өкенің басына бару маған бұйырмады. Шамиль Москвада тұратын үлкен баласы Эмильмен, Германияда Боннда штаб квартирде (БҰҰ) жасайтын Қаныш деген балаларымен барып, басына қара мөрмөрдан ескерткіш қойып қайтты. Елден алып барған бір уыс топырақпен құран бағыштаған. 2 метрлік (100кг) қара мөрмөрге «Дорогому отцу Орынбасарову Нұрымгерейю сыну Казахского народа. Мы вас помним и любим. Спасибо за жизнь (1911-1943г.г.)» - деп жазылған. Әкенің басына барып, көңілді бірлегеннен кейін Шамиль ағаның үйінде өкеге арнап ас берілді. Аста қонақ

болған ақын Жұмагүл Құдиярова сөзін өлеңмен өрнектеген еді.
Туған жерден өлу деген жырақта,
Естіледі, мүмкін, тосын құлаққа.
Олай емес, Отан үшін от кешкен,
Өмір шіркін сыналмай ма сынақта.
Тайқазандай қайнап жатса
бар маңай,
Қыран бұғып қала алмайды
самғамай.
Отқа түсер, толарсақтан
қан кешер,
Дей алмайды байқамадым
андамай.
Жойқын соғыс аямады, жалмады.
Бейбіт елге құйтырқы
ылаң салғалы.
Мың-мыңдаған жапырақтар
жай қалды.
Жетім-жесір, боздақтардың
қалғаны.
Ұшты-күйлі кеткендер
бар хабарсыз,
Қай орманнан, қай төбеден
табарсыз.
Қара қағаз қайғысымен келсе де,
Дерек біліп, медеу
тұтып қаларсыз.
Әке алдында, асқар тауың,
мақтаның,
Шамшырағың отын маздап
жаққаның.
Өз өкеңе, жетпейді ғой жетпейді,
Берсе де егер біреу саған бақ,
тағын.
Осылайша өте берер белестер,
Қайғы мұңмен, қан кештірер
елестілер.
Архив ашқан деректерде
жазылды,
Жатыр деген зиратында
Бауырластар, жерлестер!
Осылайша табылды өке дерегі,
Ұрпағына осы емес пе керегі.
Басын иіп, ұрпақтары зиратқа,
Туған жердің топырағын себеді.
Осылайша орындалды армандар,
Әке, бала айырылысып қалғандар.
Шүкіршілік етіңіздер, ағайын!
Ақтаусызда, жақтаусызда
қалған бар.

Жұбаныш - өкенің қаза болған мөлметін біліп бір жұбанасан, мәңгілік мекен тапқан жерін тауып, екінші рет жұбандық. Әкем туралы ойымды қорытындылап, ақын Рысты Бақбергенованың өлеңінен үзінді келтірейін:

Өтсе де көп жыл арада,
Кей жайлар есте қала ма?
Ақсақал ата атанды,
Сол кездегі сәби бала да.
Алмасып күн түн тезекпен,
Бұл уақыт, қалай тез өткен.
Жараспай екі ел арасы,
Кез болды бізді мезі өткен.
Қанқұмар қанға тоймаған,
Қан ішуін қоймаған.
Фашист – неміс дейді ғой,
От лақтырып ойнаған.
Өмір бар жерде өлім бар,

Дейші еді үлкен кісілер.
Ұмытылмас өкінішімді,
Басынан өткен түсінер.
Миллиондаған сарбаздар,
Жеңіске жетті қан кешіп,
Орала алмай еліне,
Тербелмей қалды тал бесік.
Көркейткі түзеп қаланы,
Көркейткік байтақ даланы.
Ем таппадық жазатын,
Жүрекке түскен жараны.
Әкесін күткен, жадында,
Жетімдер, жесір бар өлі.
Өтсе де көп жыл арада,
Жүректер өлі жаралы.
Жас болсақ та сол кезде талай
жүрек сыздатар жайдың куәгері
болдық. Майдан даласында оққа
ұшқан боздақтардан қара қағаз
келсе, елге сау келгендері жарымжан
еді. Біреуі аяғын, енді біреуі қолын,
енді біреуі қос көзін де сол қанды
соғысқа тастап, ауылда жүретін.
Соны көріп, жанымыз сыздайтын.
Сонда ақын Әбу Сәрсенбаевтың сол
кездегі жазған өлеңі еске оралатын:
Сен, құрметте оны!
Түсіндің бе қазағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.

Бүгінгі ұрпақ олардың алдарында қайта-қайта бас иіп, тағзым етсе артықтығы жоқ. Олардың қатары азайды, жоқтың қасы. Кеше Отан үшін отқа түскен, өкелеріміздің бүгінде әр күні таусылмас ұлы мереке екеніне дау жоқ. Бар қиындыққа мойымай, жүрегі Отаным деп соққан ата-аналарымыздың есімдері біздер үшін өрдайым қастерлі. Солардың қақ ортасында мен өкем мен анамды да қастерлеп, қадірлі биікке қоямын. Соғыс басталғанда 1 жасқа жаңа толған менде бүгінде ақсақал қартқа айналдым. Ата-бабамызы аңсаған, бостандық алған, тәуелсіз елімізді көрдім, сол елдің жеңісінің жемісін жеп жатқанымға шүкіршілік айтамын. Қазірде тәуелсіз еліміз - өлемге танымал ел болды. Алдыңғы қатарлы дамыған елу елдің қатарындамыз. Мақсат айқын, арман көп. Болашақ межеміз өркеніет биігінен көрінген отыз елдің ортасынан ойып тұрып орын алу. Ендігі елдің болашағы - жастарда. Оларға айтарым, келер жылы 30 жасқа толатын еліміздің тәуелсіздігін, көздің қарашығындай сақтаңдар! Тәуелсіз еліміздің аспаны ашық болғай! Біздер көрген қиындықты сендердің бастарыңа бермесін! Еліміздің өсіп, өркендеуіне, оқып, еңбек етіп, үлестерінді қосатындарына сенемін. Көп ұлтты халқымыздың береке-бірліктің, достастықтың арқасында талай жеңістерге жететініне сенемін.

Қазбек НҰРЫМГЕРЕЙҰЛЫ,
Ардагер дәрігер, зейнеткер,
Ойыл ауылы.

Ұлы Жеңістің 70 жыпығы қарсаңында әкемізге тірі кезінде берілмей қалған «За отвагу» медалін Москвадағы Подрольск архивінен тауып, Шамиль ағаның Москвада тұратын үлкен баласына табыс еттіміз. Сонымен бірге әкеміздің соғыс арасында орысша білмейтін өзге ұлт өкілдерін орысшаға үйреткенде сол архивтерден табылған «Бауырластар» зиратында қаза тапқан жауынгерлер тізімі жазылған тақтапарға 6000 жауынгердің есімі бар екен, әр ұлттың өкілдері. Сол солтүстік батыс майданында Псковты азат етуге қазақтың батыр қыздары Әлия мен Мәншүкте қаза тапқан

Нағашы ағай Теңел – Орынбасар ұрпақтары туралы былай деп жазған «әкеміз ірі бай ретінде 1928 жылы конфискіге ұшырап, 10 жылға Сібірге жер аударылған. Дүзепбай балаларының басынан осынқай ауыр күнгер келгенде, тағдыр оларды Орынбасар балалары сияқты сыйлы адамдар, асып азаматтармен туыс етті.

Бұл туыстық оларды, біздерді 1932 жылқырдағы аштықтан 1937 жылқырдағы қуғын-сүргіннен аман алып қалды. 1929 жылқың күзінде Нұрымгерей, апамыз Қайшаға үйленді. Сөйтіп құдай қосқан құдандары болдық. Көп кешікпен Орынбасар (Құлшығайға) үлкен той болып, түіе, сие сойылды. Тоғыз біздің үйіміз түгел қатыстық. Бұдан кейін ішша қеспестен қостық, ағайындық, түрпі қиындықтарға толы жылқыр өтті. Орынбасар балалары осы қиын жылқырда қостықтың, сөзге беріктік пен үдеден айнымастықтан тамаша үлгеріп көрсетті!

Ана – анасының «батыр баласы» атанған Шабазгерей (Нұрымгерейдің інісі) сұрапыл қанды, қырғын соғыста Отанын халқын жаудан қорғап ерлікпен батырлықпен 1943 жылы 23 жасында қаза тапқан. Қай жерде жерленгені белгісіз. Ол соғысқа қайтп үлкеннен ұрпақ қалмаған. Сондықтан асып азамат ағаны Нұрымгерей ұрпақтары оның есімін айғақтап, мәңгі есте сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетініне сенемін.

Нағашыларым Тоғызбай – ысық, Тайсойғанғы жайпаған 15 мың жылқысы болған Дүзепбай қезен бай, үлкен баласы Оңғар екеуі Сібірге 10 жылқы өтеп келгеннен кейін елге барсақ тағы да қуғынға ұшырап қапармыз деп, Қызылорда маңында қапары. Ұрпақтары Қызылорда қапарында бекерлі қызметтерге жұмыс жасап жатыр.

ҚЫЗ ӨССЕ - ЕЛДІҢ КӨРКІ!

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ «ҚЫЗ ӨССЕ – ЕЛДІҢ КӨРКІ, ГҮЛ ӨССЕ — ЖЕРДІҢ КӨРКІ» - ДЕГЕН МАҚАЛЫ ӨТЕ ОРЫНДЫ АЙТЫЛҒАН. МАҚАЛДЫҢ МӘНІ - ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ПӘК, НӘЗІК, СҮЙКІМДІ, ҚЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БЕРІК БОЛСА ҒАНА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨРКІ БОЛА АЛАДЫ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. «ҚЫЗ БАЛА АНАСЫНЫҢ АЙНАСЫ» ДЕГЕН ДЕ СӨЗ БАР.



Өйткені, қыз баланың тәрбиелі, білімді болып өсуіне бірінші оның анасының, сосын барып әкесінің, әжесі мен атасының, апасының, жеңгесінің, тәрбиешісінің, ұстазының, өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының әсері мол екенін білеміз. Халқымыздың «Ұлың өссе, Ұлықтымен ауылдас бол, Қызың өссе, Қылықтымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері өмір тәжірибесінен алынған. Сондықтан да, қыз баланың бойында мейірімділік, имандылық, ақылдылық, инабаттылық сынды жақсы қасиеттер нәресте кезінен қалыптасуы тиіс. Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.»- деген сөзі жігіттерге жартаңдағанда осыған көңіл бөл деп жөн сілтеп тұр емес пе?! Осы орайда қыздардың шолпы тағуы, киім-киісі мен көркем мінезі, заман ағымына да орай, салт-дәстүрімізге сай тәрбиелеу үшін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар бөлімінің

меңгерушісі Алмагүл Сүндетқызы құрған «Шолпы» қыздар клубы 2012 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Шолпы – ұлттық өшекей ғана емес, қыз баланың бойжеткенін білдіретін рәміз. Қыз бала 13 жасқа толғанда жеңгесі екі үзбелі күміс шашбауды қос бұрымына тағады. Мұны – шолпы тағу дәстүрі дейді. Осы сәттен бастап бойжеткенін білген ару жүрісіне дейін мән бере бастайды. Себебі қыздың мінезін шолпысының сыңғырынан аңғарған. «Шолпы» қыздар клубының басты мақсаты - қазақ қыздарының бойына қазақ ұлттық құндылықтарды сіңіру. Асыл өжелеріміз бен аяулы аналарымыздың ақылдарынан нәр алып сусындай отырып, ибалы да иманды, өнегелі, көрегенді, сыпайы да салмақты нағыз қазақ қыздарының тобын құрып, ұлттық құндылықтарды дөріптеу, бай салт-дәстүрімізді бағалау.

Соңғы жылдары «Етек-жеңіді жауып жүр» деген қағиданы да

ескеруде. Фасырлар бойы тамырын үзбей, ұлтымыздың бойына жарасымды көрік сыйлаған киім мәдениетін білу, ұрпақтан-ұрпаққа аманатталып отыруы керек. Үйде киетін шай көйлектер, тойға киетін бүрмелі етек оюлы көйлектер, өшекейлі камзолдар, қызметіне байланысты киетін киімдер керемет емес пе? Біздің ұлттық дүниелеріміз жаңғырып, жаңарып жаңа бір белеске көтеріліп келеді. Ұлттық ою-өрнектерді салып, өшекейлеп небір үлгідегі киімдер шығарылып жатыр. Қазақ халқының болашағын ойласақ, қыз баланың тәрбиесіне баса назар аудару керек. Міне, осындай дүниелердің барлығы қыз баланың тәрбиесі үшін жасалып жатыр.

Нұрлан ЕСЕНҒАЗЫ,
С. Баишев атындағы жоғары медициналық колледжінің оқытушысы, «Шолпы» қыздар клубының мүшесі.

ҮШТІЛДІЛІК ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

ТІЛ – Қ АЙ ҰЛТТА, Қ АЙ ЕЛДЕ БОЛСА ДА Қ АСТЕРЛІ, Қ Ұ Д І Р Е Т Т І. БҮ Г І Н Г І НАРЫҚ ЗАМАНЫ БІЗДЕН БӘСЕКЕГЕ Қ АБІЛЕТТІ БОЛУЫМЫЗДЫ, Д А М Ы Ғ А Н О Т Ы З Е Л Д І Ң Қ А Т А Р Ы Н А Н КӨ Р І Н У І М І З Ү Ш І Н Б І Л І М Д І Д Е, О З Ы Қ О Й Л Ы А З А М А Т Т А Р Д Ы Т Ә Р Б І Е Л Е У І М І З Д І ТАЛАП ЕТЕДІ. Ә Л Е М Д Е Г І Ж О Ғ А Р Ы Д А М А М Ы Ғ А Н Е Л Д Е Р Д І Ң С А Н А Т Ы Н А Е Н У Д І КӨ З Д Е Г Е Н Х А Л Ы Қ Т Ы Ң Б А С Т Ы М А Қ С А Т Ы Д А С А У А Т Т Ы Ұ Р П А Қ Т Ә Р Б І Е Л Е У.

«Қазақстан - бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі».

Қоғамның бүгінгі өлеуметтік тапсырысы жаратылыстану-математикалық, химия, биология пәндері бойынша ғылыми дайындықтың өлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыруда негізгі міндет.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жаратылыстану және математика пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер CILL технологиясын қолдана отырып, мемлекетіміздің үштілділік саясатын жүзеге асыруға атсалысуда. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да,

берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек».

Ауданымыздағы 12 мектепте, 32 мұғалім арнаулы курстан өтіп келіп, «Астана-кітап» баспасының қоғамда болып оқулықтарымен оқытып, жұмыс жасап жатыр. Тілді жетілдіру үшін курс оқып келу аздық ететіні ескеріліп, ағылшын тілі пән мұғалімдерімен тығыз байланыс жасап өлеуметтік желілерді пайдалану арқылы білімдерін толықтыруда.

Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Гүлдәурен ӘЛЖАН,
Аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері.

СУДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ –

СӘТТІ ДЕМАЛЫС КЕПІЛІ



Ауданымыздың аумағында соңғы 5 жылда су айдындарында 10 адам қаза болды, яғни судағы бақытсыз жағдайға ұшырады. Суға кетудің басты себептерінің бірі суда жүзу ережелерін білмеу және тиым салынған жерлерге суға түсу. Осындай жағдайлар болдырмау үшін келе жатқан жазғы демалыс уақытында жағажайлар мен өзен-көлдердің жағасында құмға қыздырынып, күнге күйіп, суға шомылудың жаңа жайлы екендігі өркімге белгілі. Алайда немқұрайлылық танытып, суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтамаған жағдайда демалыс сәті қас-қағымда қайғылы жағдайға айналып шыға келуі мүмкін.

2017 жылғы 27 шілдедегі аудан өкімінің №151 «Ойыл ауданында суға түсу маусымында коммуналдық жағажайлар ұйымдастыру туралы» қаулысы сәйкес 5 коммуналдық жағажайдың орындары белгіленді. Атап айтқанда, Ойыл а/о – Көпір маңы, Ш.Берсиев ат. а/о – Тамдыкөл шлюз маңы, Саралжын а/о – Жолдыбай көпірі маңы, Қайынды а/о – көпір маңы, Көптоғай а/о – Аққолқа өткелі.

Әрбір ата-ана балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн.

Балалардың ересектерсіз суға түсуге, ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер.

Салқын суларда көбіне қол-аяқтар құрысып қалып жатады. Терең сулар кеудені қысып, тыныс алуды тарылтады. Мүмкіндігінше, саспаған (үрейленбеген) тұрыс. Адам су ішінде айқайлап, тырмыса берсе, өлі кетіп, су жұтады.

Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немес 112 нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек.

Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды үйретіңіздер!

А.ТАРЫБАЙ,
Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері.

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ, ӘСКЕРИ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА, ӘСКЕРИ ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕБІНЕ ЖӘНЕ КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

Жоғары әскери оқу орндарына үміткерлердің құжаттарын қабылдау науқаны басталды. Атап өтсек – Ақтөбе қаласындағы Т.Бегелдинов атындағы Өуе Қорғаныс Күштерінің әскери институты, Алматы қаласындағы Құрлық Әскерлерінің әскери институты, Алматы қаласындағы Радио электроника және байланыс әскери – инженерлік институты, Ақмола облысы Шучинск қаласындағы Ш.Улиханов атындағы Кадет корпусы және Астана қаласындағы С.Нурмағамбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі бар. Жоғарыда аталған әскери оқу орындарының бәрінде қысқа мерзім ішінде тиімді оқу және сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасалған. 17 – 21 жас аралығындағы жастар қабылданады, оқу ақысыз. Курсанттарды мезгілімен киімі, жатар орны, үш мезгіл тамағымен ақысыз қамтамасыз етеді. Оқу ғимараттарында кітапхана, дерісхана, арнайы сыныптар, зертханалар, ста-

дион т.б. жабдықталған. Әскери оқу орындарын толығымен бітіргеннен кейін офицерлік шенін алып 100 % жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары ҚР Қарулы Күштері Бас штабы бастығының нұсқауымен ҚР ҚМ «Әскери техникалық мектеп» РМҚК – ның Ақтөбе қаласындағы филиалында әскери оқытылған резервті дайындық ақылы негізде азаматтарды даярлау жоспарлануда. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 12 бабына сәйкес, әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған 24 – 27 жасқа дейінгі контингентінен іріктеу жүргізілуде. Ақылы оқудың құны (бағасы) 263 мың теңге. Оқу мерзімі 40 күн. Бітіргеннен сон атықш мамандығы бойынша әскери билетін алып, кез – келген орган салаларында қызмет ете алады.

Сондай – ақ келісім шарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Келісімшарт бойынша әскери қызметке ниет білдірген үміткерлерге қойылатын талаптар. 19 – 35 жасқа дейінгі, денсаулығы жақсы, жоғарғы немесе

арнайы орта білімді, моральдық психологиялық жағынан тұрақты, сотталмаған, дене дайындығы жоғары, әскери борышын өткерген болуы тиіс.

Әскери қызметтің басымдықтары:

1. Лайықты айлық және уақытылы төленуі.
2. Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету.
3. Тұрған үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда, тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы (мөлшері отбасы мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты) төленеді.
4. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне әскери медициналық мекемелерден мемлекеттің есебінен медициналық көмек көрсетіледі және қамтамасыз етіледі (диагностика, емделу).

Осы хабарлама жөнінде туындаған барлық сұрақтар бойынша Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуіңізге немесе телефон арқылы хабарласуларыңызға болады.

Мекен – жайы Дау-ленов көшесі 26 үй, байланыс телефоны: 8/71332/2 – 19 – 22.

Ж.БИШӨКЕНОВА,
инспектор.



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1655 дана. Тапсырыс №634
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Асхат Аймағамбетов: Ұстаздарға деген алғысымды бір сөзбен жеткізу мүмкін емес

Кеше ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов оқушылар мен ата-аналарды, ұстаздарды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. «Барлығымыз үшін биылғы 25 мамыр ерекше форматта өтіп жатыр. Өлемдік пандемия біздің күнделікті өмірімізді түбегейлі өзгертті. Биылғы оқу жылы 4 миллионнан астам оқушы мен студенттің есінде қашықтан оқыту форматына көшумен сақталды деп ойлаймын. Қысқа уақыттың ішінде барлығыңыз жұмысты дұрыс ұйымдастыра білдіңіздер. Бұл мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың бірлескен өрекетінің нәтижесі деп білемін. Бүгін мен ерқайсыңызға жеке тоқталғым келеді. Сіздер жаңа жағдайда жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, нағыз ерлік таныттыңыздар. Ұстаздарға деген алғысымды бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сіздер қиын жағдайға қарамастан оқушыларды білім нөрімен сусындатып, оқу барысында тынымсыз еңбек еттіңіздер. Сіздердің

арқаларыңызды 4-тоқсан толықтай қашықтан оқыту форматында өтті», - деді министр Facebook парақшасында жарияланған құттықтауында. Оның атап өтуінше, бұл біздің білім саласында бұрын-соңды болмаған оқиға. «Қиын кезде балаларына тіреу бола білген ата-аналардың да еңбегі өлшеусіз. Сіздердің қолдауларыңыз, үйде отырып білім алуға жағдай жасауларыңыз қашықтан оқытуды ұйымдастыруға бізге мүмкіндік берді. Иә, өрине сын көп айтылды. Дегенмен, сіздер түсіністік танытып, балаларымыздың болашағы үшін осы мәселені жеңіл қабылдадыңыздар. Сол үшін сіздерге алғыс айтамын. Оқушыларға деген ризашылығым шексіз. Олар жауапкершілікті ата-аналарымен теңдей бөлісіп, теріпті және алғыр бола білді. Енді міне, білімге деген құштарлықты жоғалтпай оқу жылын ойдағыдай аяқтап жатыр. Бұл шын мәнінде ересек адамдарға төн қасиет деп айтқым келеді», - деді Асхат Аймағамбетов.


Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес, жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін бірқатар педагог «Ы. Алтынсарин» белгісімен марапатталады. «Біз сіздерді Ы. Алтынсарин атындағы ведомстволық медальмен марапаттаймыз. Бүгінгі кездесуді онлайн режимде өткізгендіктен, марапаттау рәсімі де осыған сәйкес жүргізіледі. Кейіннен осы төсбелгілер марапатталған ұстаздарға тапсырылады», - деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов онлайн режимде мұғалімдердің қатысуымен өткен конференцияда. Сондай-ақ, министр телесбақтарды даярлауға белсенді қатысқан барлық мұғалімдер мен әдіскерлерге алғысын айтты. Бұдан бөлек, Тәуелсіз Қазақстанның рухани және елеуметтік даму жолында қол жеткізген табыстары мен гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін құрмет грамотасымен 120 педагог пен 104 әдіскер марапатталады.

Құттықтау

Ойыл ауданы Шұбарши ауылы Нағашымыз Китанов Кенжанды 22 мамырда толған 80 жасымен құттықтаймыз!

Нағашы 80 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Әр уақытта қажымай-талмай өз ортаңыздың қадірменді ақсақалы, өз перзенттеріңіздің айбынды ақылшысы болып жүре беріңіз.

О, Нағашым, Бөйтерегім, жемісім, Құрды өмір кілемінде желімің, Ортақ болған қуанышқа қашанда, Өзің қамқор, батагөйсін біз үшін! Оңнан туып күніңіз бен айыңыз, Сексенге де жетті міне жасыңыз. Бар тілегі біздей ақын жиеннің, Әжеменен бір ғасырды жасаңыз! Тілек білдіруші: барлық немере - жиендері.



ШАМШЫРАҚ –

«МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ»

ШАМШЫРАҚ ЖОЛАМАНОВА ЕҢБЕКҚОР, БЕЛСЕНДІ, ҰЖЫМДА БЕДЕЛДІ, ӨЗ ІСІНІҢ ШЕБЕРІ. ӨЗІНЕ ДЕ, ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ДЕ ТАЛАП ҚОЙҒЫШ БАСШЫ, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ ҚЫЗМЕТКЕР. ӘРІПТЕСТЕР АРАСЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ, БІЛІМ-БІЛІКТІЛІГІ, ТӘЖІРИБЕЛІГІ ҮШІН СЫЙ-ҚҰРМЕТКЕ ИЕ. ОТБАСЫЛЫ, БІР ҚЫЗ, БІР ҰЛ ТӨРБИЛЕП ОТЫРҒАН АРДАҚТЫ АНА, 4 ЖИЕННІН ӨЖЕСІ. ОНЫ ӨНЕРДІН ОРДАСЫНА АЙНАЛҒАН ОЙЫЛ ЖҰРТЫНА ТӨТПІШТЕП ТАНЫСТЫРЫП ЖАТУДЫҢ ӨЗІ АРТЫҚ. ӨЙТКЕНІ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІ ҰЛЫҚТАП, САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДІ ДӨРІПТЕП МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫНДАЙ БОЛЫП КЕЛЕДІ. ӨНЕРДІН КӨШІНДЕ «БОЛАМЫН ДЕГЕН ТАЛАЙЛАРДЫҢ БЕЛІН БУЫП» ӨРГЕ БАСУЫНА ЖОЛ АШЫП БЕРІП ЖҮРГЕНІ ДЕ ӨЛШЕУСІЗ ЕҢБЕКТІН КҮӘСІ. МІНЕ, ОСЫЛАЙША ШАМШЫРАҚ СӘДУАҚАСҚЫЗЫ ӨЗГЕЛЕРДІ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕУ АРҚЫЛЫ ӨЗІ ДЕ ЖЕТІСТІКТІҢ ШЫҒЫНА ӨРЛЕДІ. ЖУЫРДА ҒАНА «МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» ТӨСБЕЛГІСІНЕ ИЕ БОЛДЫ.

Шамшырақ Жоламанова 1975 жылы 1 сәуірде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылында дүниеге келді. Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбекке араласып, аудандық мәдениет үйінде қызмет атқара жүріп, 1998 жылы Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау педагогикалық университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі мамандығы, 2007 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдап, 1995-2007 жылдар аралығында Шығанақ Берсиев, Жақия Жүсібаев атындағы орта мектептерінде мұғалімдік, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 2007 жылдан бастап Ойыл аудандық мәдениет үйінің директоры қызметіне ауысты. 2012 жылдан бастап Ойыл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бөлім басшысы қызметіне тағайындалды. 2019 жылдан Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бөлім басшысының орынбасары қызметінде. Оның айтуынша, «Осы салада жемісті еңбек етуім 45 жылдай саналы ғұмырларым аудан мәдениетінің өркендеуіне арнаған ата-анамның берген тәрбиесі, солардың ізін жалғастырушы болғаным. Екеуі де Ойыл халық театрының актеры мен актрисасы болып, халық театры жабылғанда Қызылорда драма театрында жұмыс жасады. Елге келіп Ойыл халық театрының ағаын қорғауға зор үлес қосты. Өкем халық театрының режиссері, екеуі де мәдениет үйінің директоры қызметін атқарды. Олар еңбек еткен жылдардағы қызметкерлердің естеліктерінде талапшыл, қамқор, жаңашылдықпен жұмыс жасайтын басшы болғандары туралы өлі күнге айтылып келеді. Шамшырақ осы салаға келу себебін «ата-анасының маңдай тері төгілген, күш-жігері жұмсалған

салада қызмет етіп, аудан мәдениетін көтеруді өзіміңіз перзенттік парызым», - деп санайды. Сондай-ақ, Абай атамның «...Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген өлең жолдары өмірлік ұстанымым», - дейді.

Шамшырақ Жоламанова мәдениет саласына қызметке келгеннен бері өзін қабілетті, білімді де білікті, тәжірибелі, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары қызметкер ретінде таныта білді. Аудан мәдениетіне тың серпіліс беріп, жаңаша бағытта дамыту мақсатында еңбек етіп келеді. Кеңірек тоқталсақ, 2013-2018 жылдар аралығында басшылығымен Ойыл ауданындағы 6 ауылдық кітапхана жаңа үлгідегі модельді ауылдық кітапханаға айналдырылып, Көптоғай модельді ауылдық кітапханасынан Коворкинг орталығы ашылды. 9 көркемөнерпаздар ұжымы «Халықтық» атағына ие болды. Мәдениет қызметкерлерінің білімін жоғарылату, біліктілігін арттыру, ұйымдастырушылық қабілетін дамыту мақсатында көптеген өдістемелік көмектер ұйымдастырылды. Тың жобалардың жарық көруіне, жобаларды қорғау арқылы мәдениет мекемелері мен қызметкерлерінің «Үздік» атануына ұйытқы болды. «Туған жерге тағзым» акциясы аясында клуб-кітапханалардың материалдық-техникалық базасының нығайту мақсатында демеушілермен жұмыстар жүргізуді қолға алды, аудан көлеміндегі қайырымдылық шараларына ат салысып, 2019 жылы мәдениет үйі жанындағы Халықтық «Ақ өже» ансамблінің Елбасы қорының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Қайырымдылық керуені» акциясына «Асар» номинациясы бойынша қатынастырып, Астана қаласында өткен қорытынды шарада алғыс хатқа ие болды.

Шамшырақ Сәдуақасқызының



іскерлігі мен талапшылдығымен көптеген ауылдық клубтар ағымдағы, күрделі жөндеуден өтіп, халық игілігіне пайдалануға берілді. Мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базалары нығайтылып, кітапхана қоры жаңа кітаптармен, аудандық мәдениет үйі заманауи сахналық құрылғылармен толықтырылды. Мәдени шаралардың жоғары деңгейде өткізілуіне үлкен талап қойылды. Мәдени шаралар аудандық ғана емес, облыстық, республикалық деңгейде ұйымдастырылып, аудан өнерпаздары республикалық, халықаралық шараларда жеңімпаз атанды. Ауданда «Ұлы Жібек жолындағы: Жаңғырған Көкжар жәрмеңкесі» фестивалі облыстық, республикалық деңгейде жоғары дәрежеде өткізілуіне басшылық жасап, Ақтөбе облысы аудандарының күндері аясында өткен «Туған жерім нұрлы елім» шарасында Ойыл ауданы 2016 жылы- II, 2018 жылы- I орындарды иеленді. 2008-2018 жылдары Ойыл ауданы мәдениеті облыстық жыл қорытындысы бойынша жүлделі I орынға ие болып келді. Жас өнерпаздардың республикалық, халықаралық байқауларға қатынасуына қолдау көрсетеді. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Оның осы күнге дейінгі жетістіктері де жетерлік. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, «Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің алғыс хаты, «Ойыл ауданының жыл адамы-2018» атағы, «Нұр Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының алғыс хатына ие болған.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

ТАУАРЛАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Тауарлармен электрондық сауда жасау ол дегеніміз егер бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;

тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес төлеммен жүргізілсе;

тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік және (немесе) пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарттар болса, интернет-дүкен және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Сонымен бірге тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюға жатады.

Хабарламаны бекіту және оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркегеннен кейін тұрғылықты жері бойынша (ЖТ) немесе тіркеу орны бойынша (ЗТ) хабарландыруды мемлекеттік кірістер басқармасында қағаз жүзінде алуға болады.

Ойыл ауданы бойынша кірістер басқармасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Қаратал, Құмжарған, Қарасу ауылының тұрғындары!

2020 жылдың 26 маусым күні сағат 10⁰⁰ – де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Қаратал ауылы, Сүлеймен өулие көшесі №12 мекен – жайындағы кеңсе ғимаратында Ш.Берсиев ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпанындағы 2014 жылғы №138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді – мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай – ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы «Желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін – өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қаратал, Құмжарған, Қарасу ауылының көшелерінің атауын өзгерту туралы қоғамдастық жиыны өтеді.**

«Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтөбе құрылыс және бизнес колледжі 2020-2021 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс негізінде 9-11 класс түлектерін еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандықтарды игеруде тегін оқуға шақырады!

9 класс негізінде – 2 жыл 10 ай

1401242 Кең көлемді құрылыс шебері

1114042 Электрғазбендөнекерлеуші

0910022 Электрмонтаждаушы

9 класс негізінде – 3 жыл 10 ай

1114063 Техник-механик

1304043 Техник-программист

11 класс негізінде – 10 ай

1114042 Электрғазбендөнекерлеуші

1401242 Кең көлемді құрылыс шебері

Оқу ақысыз, шәкіртақы (стипендия), ыстық тамақ беріледі. Жолақысы төленеді.

Біздің мекен-жайымыз: Ақтөбе қаласы, «Тұрғындар қалашығы» ауданы, Ватулин көшесі 1 үй, Байланыс телефондары: 50-05-73, 50-05-82 немесе www.aksib.kz электронды поштасына хабарласуға болады.

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2012 жылдың 15 қарашасында №12016407 мемлекеттік лицензиясы берілген.

Жамбыл мектеп-балабақшасының ұжымы Жамбыл мектеп -балабақшасында қызмет ететін Жалғасовтар өулетіне аяулы өкесі
Жеңістің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл мектеп - балабақшасының ұжымы Жамбыл мектеп- балабақшасының жұмысшысы Ермашева Шолпан Ықыласқызына
жолдасының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.